

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

**Редакционная коллегия**

**Аймухамбет Ж.А.** доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Актаева К.** доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.  
**Абсадық А.А.** доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан  
**Бредихин С.Н.** доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ  
**Гайнуллина Ф.А.** кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан  
**Ермекова Т.Н.** доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан  
**Есиркепова К.К.** кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан  
**Жусипов Н.К.** доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан  
**Курбанова М.М.** доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан  
**Камзабекулы Д.** академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Курсыжан Л.А.** кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея  
**Онер М.** доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция  
**Пименова М.В.** доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ  
**Сайфулина Ф.С.** доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

**Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan  
**Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland  
**Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan  
**Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF  
**Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan  
**Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan  
**Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan  
**Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan  
**Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan  
**Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan  
**Kuryzshyan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea  
**Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey  
**Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF  
**Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA B.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г.	Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері.....	231
ТОҚСАМБАЕВА А.О. ҚАДЫРОВ А.Қ. ҚАБЫШЕВ Т.Б.	Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі.....	242

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., КАРТАЕВА А.М., ТАМАЕВ А.Т.	М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық негіздері.....	260
ASAVBAEVA G.B., YEREZHNEPOVA S.K. ZHUMSAKBAYEV A.T.	Teaching languages in technical universities.....	272

ХҒТАР 17.07.65

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.08>\*М. АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ<sup>1</sup> М.С. ОРАЗБЕК<sup>2</sup> А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана,  
Қазақстан<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>2</sup>  
(e-mail: [moldir\\_amangazykyzy@mail.ru](mailto:moldir_amangazykyzy@mail.ru)<sup>1</sup>, [makpal\\_zere@mail.ru](mailto:makpal_zere@mail.ru)<sup>2</sup>)**\*ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҚАЛА БЕЙНЕСІ**

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы қала туралы жазылған өлеңдер талданған. Ғылыми зерттеудің мақсаты – көркем шығармадағы қала бейнесінің суреттелу ерекшелігін анықтау, қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала тақырыбында жазылған шығармаларды талдау арқылы қазақ әдебиеттануында «алматылық мәтін», «астаналық мәтін», «Алматы түні», «Астана таңы», «қалалық қыз», «көше шамдары», т.б. ұғымдарды орнықтыру. Зерттеу барысында қалалық мәтінді зерттеген Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров, С.П. Гулин, Вяч.Вс. Иванов, Н.В. Шмидт, В.Г. Ильин және т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. «Қалалық мәтін» ұғымының анықтамасы жүйеленіп, ұсынылды. Зерттеу нысаны ретінде Ғ. Жайлыбай, Д. Кәпұлы, А. Файзолланың қала тақырыбын арқау еткен өлеңдері алынды. Қала туралы жазылған өлеңдерді талдау барысында ақындардың қаланы суреттеудегі ерекшеліктері айқындалды. Кез келген қаланың тарихы белгілі бір тұлғаның есімімен, тарихи оқиғалармен байланысты болатындығы көркем мәтіндердегі интермәтіндік элементтерді (реминисценция, аллюзия) анықтау барысында белгілі болды. Сондай-ақ, ақындардың қаланы қабылдау сезімдері (жатсыну, жалғызсырау, қалаға бауыр басу, т.б.) мысалдар арқылы дәйектелді.

Зерттеу барысында қазіргі қазақ поэзиясындағы «қалалық мәтіннің» ерекшеліктерін айқындап, сипаттау мақсатында құрылымдық-семантикалық, интермәтіндік, герменевтикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу негізінде алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында оқытылатын «Әдебиет теориясы», «Заманауи қазақ әдебиеті» пәндері бойынша дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындық кезінде қосымша оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

**Түйін сөздер:** қазіргі қазақ поэзиясы, қала бейнесі, қалалық мәтін, поэтикалық дискурс, уақыт пен кеңістік.

---

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын «AP19176500 – Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала бейнесі және кейіпкерлер типологиясы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

**Кіріспе.** Қазіргі қаланың өмірін көрсететін әлеуметтік қатынастардың дискурстың әртүрлі типтерінде көрініс беруі де түрліше. Әлеуметтік өмірді суреттеуге басымдық бермейді деп саналатын поэтикалық дискурс бұл аспектіде аз зерттелген. Алайда қазіргі ақындардың шығармашылығында қала бейнесінің ерекше орын алатындығын байқауымызға болады. Бұл мақаланың зерттеу нысаны ретінде қазіргі қазақ поэзиясының дискурсы алынды. Түрлі поэзиялық мәтіндерді саралай отырып, авторлардың қазіргі қала бейнесіне деген әрқайсысының жеке қолтаңбасын тануға болатындығын және көркем туынды әр автордың әлемге деген жалпы көзқарасын ашып бере алатындығын байқадық. Қала бейнесінің көркемдік сипаты ақындардың ішкі толғаныстарымен астасып, көркем әдебиетте жаңа типтегі кейіпкерлер әлемін қалыптастырғаны анық. Бұл тұрғыда поэзиялық шығармалардың ойды ерекше пафосқа салып беретін ерекшелігін де есте ұстаған абзал. Себебі әр ақынның өз әлемінде өз қаласының бейнесі қалыптасады. Қала бейнесінің көркем әдебиетте қалыптасуының даралық және типтік сипатының ерекшеліктерін ашу – негізгі мақсаттардың бірі.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Көркем мәтіндегі «қала» феноменін түсіндіру мен қарастырудағы түрлі көзқарастарға қарамастан зерттеушілер жеткен ортақ бір мәміле – оның ауқымды әрі көпмағыналы мәдениеттанымдық бірлік екендігі. Бұл туралы, мәселен, Ю.М. Лотманның, В.Н. Топоровтың, С.П. Гуриннің, Вяч.Вс. Ивановтың, Н.В. Шмидттың, В.Г. Ильиннің және т.б. еңбектерінде айтылған. Ю.М. Лотманның пікірінше «қала күрделі семиотикалық механизм, мәдениет генераторы ретінде... түрлі тілдер мен түрлі деңгейге жататын түрлі тәртіптегі әрі әртекті мәтіндер мен кодтардың қазандығы тәрізді... Әртүрлі ұлттық, әлеуметтік, стильдік кодтар мен мәтіндерді түйістіре отырып қала алуантүрлі гибридтеу, қайта кодтау, семиотикалық аудармаларды жүзеге асырады, осы дүниелер оны жаңа ақпараттың қуатты генераторына айналдырады» [1, 35]. Ғалымның ойымен келісе отырып, қала туралы жазылған поэзиялық туындылардың ұлттық белгісінің де өзіндік орыны бар екенін айтқымыз келеді.

Осылайша, зерттеушілердің пікірлері мен байламды пайымдарын негізге ала отырып мынадай гипотеза түйіндедік: «Қала – авторлық сана мен жеке тәжірибеде сыналып, кодталған тарихи-мәдени ақпарат иесі». Бір жағынан қарағанда, бұл – гений адам тудыру, қазіргі болмыстың көрінісі болса, екінші жағынан қарағанда, қала өзінде өмір сүріп жатқан адамды қалыптастырады, оның ойына, мінезі мен әрекетіне өзінің өзгермес таңбасын басады. Жоғарыда аталған қалалықтың типтік бейнесі мен даралық сипаты да өзіндік рөл атқарады. Сонымен қатар, әр қаланың өзінің типажы болатынын да басты назарда ұстауымыз керек.

Қала – жаһандық кеңістікті мәденилендіру мен тиімді реттеу тәсілі, адам қолымен жасалған дүниені табиғи әлемге енгізу. Қалалық кеңістік адамның



бастапқы, табиғи өмір сүру ортасын арнайы мәдени элементтермен, координаттармен, құрылыммен, архитектурасымен түрлендіреді, сөйтіп оны адам өмірі үшін мүлде жаңа, таңбаға бай ортаға айналдырады.

Көркем мәтіндегі урбанистік кеңістіктің ұйымдасуына талдау жасауда қалалардың орналасуының бірнеше моделі бары назарға ілікті. Олардың кейбірі биікте, тау басында тұрады, жер мен көкті «байланыстырушы» тәрізді. Қаланың мұндай типін, сенім бойынша, құдайлар қалыптастырған, оның бастауы бар, бірақ соңы жоқ – бұл «мәңгілік қала» аналогы. Ал оған қарама-қарсы тарапта қаланың екінші типі орналасқан, ол шет аймақта, шекарада. Оны суреттеу барысында жер мен көктің вертикальды ара қатынасы бейнеленбейді, алайда горизонтальды «жаңа», «қалалық», «өркениетті», «жасанды, жасалған/«өзінікі», «табиғилық» байқалады. Мұндай қалалардың стихиялық апат кезінде жоғалып кету қауіпі басым [1, 30-45]. Қала бейнесінің табиғаттағы қалың орманның бейнесінен метафоралық тәсіл арқылы жасалған түрі де кездеседі. Қаланың адам қолымен жасалған жасандылық табиғаты да ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. Сондықтан да көркем туындыларда қаланың жасанды ерекшелігі әр қырынан бейнеленеді.

Бір ескеретіні, жер бетіне горизонталь орналасқан қалалық топос қашан да өзінің көпқабатты құрылыстарымен, шіркеу күмбездерімен көкке ұмтылады [2]. Қала кеңістік құрады, материалдық ресурстар мен мәңгілік киелі құндылықтарды жинақтайды. Урбанистикалық кеңістік аясында өркениет құрылады, мәдениет қалыптасады, сөйтіп тарих жасалады, рухани әрі зайырлы билік пайда болады. Бұл контексте «қалалық мәтін» қасиетті ұғымға ие. Адам қолымен жасалған кеңістік табиғаттың сыртқы күшіне батыл қарсы тұрып, адам мен табиғат ара қатынасында ішкі үйлесім қалыптастыруға күш салады.

Қала әртүрлі формада көрініс береді: тұрғын үйлер, құрылыстар, жол қиылыстары, символдық атрибуттар (мейрамханалар, фонарлар, жарнамалар және т.б.) [3, 213-226]. Дәл осы қалада халық бұқарасы мен күшінің тоғысуы орын алады. Қала тұрғыны, оның қоршаған ортаны қабылдауы – «қалалық мәтіннің» бөлінбес бір бөлшегі. Қала құрылысындағы әр детальдың шығарманың идеясын ашуға қызмет ететінін ұғуға болады.

Сонымен «қалалық мәтін» дегеніміз не?

Бұл ұғым әлі күнге дейін жүйелі зерттеуден өткен жоқ, дегенмен «түрлі зерттеулерде «петербург мәтіні», «мәскеу мәтіні», «қырым мәтіні» деген терминдер қолданылып жүр (үйреншікті болып та кетті)» [4, 4]. Н.В. Шмидт авторлық «қалалық мәтінді» «қалалық тұрмыстың айырықша моделін танытатын бейнелер, сарындар, сюжеттер кешені ретінде қарастырады және ол көркемдік бейнелеу құралдарының белгілі бір жүйесімен сипатталады» [4, 11]. Өз кезегінде қалалық мәтін қаланың вербалды бейнесін қалыптастыратын маңызды элемент.

**Талқылау мен бақылау.** Қалалық мәтінді зерттеген В.Н. Топоров

қалалық мәтіннің көркем кодтарын анықтап берген болатын: 1) табиғи және мәдени бейнелер (белгілер); 2) уақыт пен кеңістікті, олардың шектілігі мен созылыңқылығын бейнелеу тәсілдері; 3) адамдардың тегі мен аттары; 4) топонимдер; 5) метабейнелеу элементтері (театр, декорация, рөл, актер және т.б.); 6) жалпы лексикалық-ұғымдық сөздік [5, 74]. Яғни қалалық мәтінді қабылдау арқылы санамызда белгілі бір қала туралы бейне қалыптасады.

Ғалым В.Н. Топоровтың жіктеуін негізге ала отырып, қазіргі қазақ поэзиясындағы Алматы және Астана қалалары туралы жазылған өлеңдерді зерттеу нысанына алдық. Қаламгерлер өз туындыларында аталған қалаларды алғаш көргендегі сезімдерін, қаланың әсем көрінісін, осы қаламен байланысты жеке естеліктерін, тарихи оқиғаларды есіне алады. Мәселен, Алматы қаласы дегенде күн нұрына бөленген жастардың әсем қаласы деген бейне қалыптасса, Астана заманауи технологиялардың мекені, жаңа қала, жас арудың бейнесінде көрінеді. Дегенмен екі қаланы салыстырып қарасақ, халық арасында қалыптасқан негізгі көркем бейнесі осы. Дей тұрғанмен қаланың бейнесін суреттегенде авторлардың өзіндік ұстанымдары мен сол қалаға деген махаббаты, сүйіспеншілігі қатар өрілетінін есте сақтаған жөн.

Ақын Ғалым Жайлыбай Алматы қаласы туралы жазылған «Алматы» дейтін өлеңінде:

Желтоқсанның жанылған

Қайрағындай – Алматы [6, 83], – деп Алматы қаласында 1986 жылы Желтоқсан оқиғасының өткендігін оқырманның есіне салады. Бұдан бөлек аталған өлеңінде ақын Көктөбе, Алматының алмасы сияқты қаланың өзіне ғана тән табиғи ерекшеліктерін атап өтеді:

Жазылмаған жыр ма екен,

Шертілмеген сыр ма екен?

Көктөбенің етегі –

Көктем көшкен бір мекен.

Алмасы да азайып,

Арнасы да азайып,

Қайран шаһар ғажайып,

Сәл мұңайып тұр ма екен? [6, 83].

Риторикалық сұрақтарды қолдана отырып оқырманының назарын аудару арқылы алмасы мен арнасы азайған, бұрынғы салтанатты кейпі солғын тартқан қаланы байқатады. «Қайран», «шаһар» деген екі сөз контекстік байланыста лирикалық кейіпкердің өкінішті сезімін білдіреді. Елдің саяси өмірінде қаланың алатын орны да көптеген ақындардың жырларында ерекше көрінеді. Желтоқсан көтерілісінің «қайрағындай» деген теңеудің өзі Алматы қаласының елдің саяси санасын қалыптастырудағы орнын айқындайды.

Кейіптеу тәсілі арқылы «сәл мұңайып тұрған» қаланы суреттейді де, ары қарай ақын бұл қаланың өзі үшін қаншалықты маңызды екендігіне тоқталады:

Тұндыратын тұмамды  
Тұнығымсың – Алматы.  
Мұнар, мұнар, мұнарлы  
Ғұмырымсың – Алматы.  
Ақын болып фәниге,  
Кірдік кеше – Алматы.  
Өлең атты сәбиге  
Кіндік шеше – Алматы [6, 84].

Ақын Алматыны өлең атты сәбидің «кіндік шешесі» дейді. Қазақ халқы үшін «кіндік шешенің» орыны ерекше екендігі белгілі. «Кіндік шеше» сөзінің бойындағы ұлттық колоритті автор ерекше пафосқа бөлеп айтады. Бұдан ақынның өмірінде Алматы қаласының да орыны ерекше екендігін көреміз. Лирикалық тұлға үшін Алматы қаласының маңызы ерекше екенін «тұнығымсың», «ғұмырымсың» сөздерінен де байқауға болады. Жалпы Алматы қаласының өнер адамдарының арасында ерекше құрметті екенін ескерсек, ақындардың мекеніне айналған қаланың асқақ бейнесі қарапайым әрі сүйкімді болып, әр адам үшін жүрегіне жақын бейнеге айналады.

Ғалым Жайлыбай еліміз тәуелсіздік алғанға дейін, яғни 1989 жылы жазылған «Астана мынау шамдары жасыл-қызылды» дейтін өлеңінде Алматы қаласындағы өз өмірін суреттей отырып, қаланың әлеуметтік жағдайынан хабар береді:

Тұрамыз біздер Алматы сауық қалада,  
Сауық қалада әзірге қауіп бар ма, аға...  
... Нашақор Коля түнімен ойранды салып,  
Маша апай бізді жасырды тауық қораға [6, 229].

Ақынның «Маша апайдың тауық қорасы» деп отырғаны – сол тұстағы баспанасы жоқ қазақтардың өзге ұлттардың пәтерін жағалап жүргендегі жағдайы. Ақынның «Көшемін ертең» дейтін өлеңі «Астана мынау шамдары жасыл-қызылды» өлеңінің жалғасы іспеттес. Бұл өлең де 1989 жылы жазылған. Мұнда қаладан тұрақ таппай, «Аспанға көшіп, ақ сарай салып алуды» армандаған ақынның бейнесін көреміз:

Ақын:  
Көшемін ертең,  
Босатам Коляның үйін,  
Бұл көшу маған, әрине, болады қиын... [6, 230], – деп, өзінің пәтерінен көшетіндігін және Алматы қаласында өзін «қарсы алған адамның» болмағандығын айтады:  
... Алматыңыздан қарсы алған адам көрмедім,  
Арқадан келген ақынды арқаға қағып [6, 230].  
Өлең ақынның қиялымен түйінделеді:  
Көгімнен түнде жұлдыздар жанып ағады,  
Жанған жұлдыздың ақ таңға табы қалады.

... Арқадан келген ақынның арқасы қозса,  
Аспанға көшіп, ақ сарай салып алады [6, 231].

Қалалық өмірдің сан алуан қиыншылықтарына қарамастан, адамның бойындағы «қалаға деген құштарлық» сезімі өшкен емес. Қаланы осылай қабылдаудың негізгі бастауын қаланы универсалды метафораға айналдырған, тұрақты образдар мен архетиптер жасырылған адам санасынан тыс, тереңнен іздеу керек сияқты [7, 252]. Мәселен аталған өлеңде еліміздің жүрегі болған әсем қаладағы қазақ жастарының сұрғылт өмірі бейнеленген. Бірақ лирикалық кейіпкердің белсенділігі мен өмірге құштарлығы, асқақтығы оның «аспанға сарай» салып алғысы келетінінен көрінеді. «Тауық қора» мен «аспандағы ақ сарай» контраст түсініктер болғандықтан өлеңдегі қала бейнесі өзінің ерекше келбетін тапқан. Өлеңде қарапайым қазақ баласының үлкен қаладағы сергелдеңі мен болашаққа деген сенімі шынайы да, көркем берілген. Туған жерінде өгейлік көріп келген жастың аспаннан ақ сарай салып алуға талпынуы да мұңды көрінеді.

Ақынның «Астанада, ақпанда» өлеңінде «Есілдің жағасына» орнаған Астана қаласындағы зәулім ғимараттармен қатар, елімізге танымал тұлғалардың да есімдері аталады:

Құйқылжытқым келіп тұр қыстың әнін,

Құстың әнін жырлаған Тұмағамдай [6, 28] деген жыр жолдары арқылы күллі қазаққа белгілі «Құстар қайтып барады» әнін өмірге әкелген қазақтың біртуар ақыны – Тұманбай Молдағалиевтің есімін оқырман санасында жаңғыртса, өлеңнің келесі шумағында:

... Айтулы ағам Айтұлы секілденіп

Бәйтеректің басына бір шығайын [6, 28], – деп, ақын Несіпбек Айтұлының «Бәйтерек» поэмасын тілге тиек етеді. Ақын өз өлеңін Астана қаласының ерекше боранын жырға қоса отырып түйіндейді:

Астанада,

Ақпанда,

Ақ боранда,

Өлеңдетіп қояйын осылай бір... [6, 29].

Астананың бораны жас ақын Алпамыс Файзолланың «Астана бораны» өлеңінде ақынның ішкі күйімен астасып беріледі:

Садақтан, ысқырады, атқан оқтай,

Екпіні – аламанда шапқан аттай.

Астана көшесінде келемін мен,

Соғады боран алдан бет қаратпай.

Сарсаңға салды ғой бұл қысың мені,

Күйімді безбүйрек қыс түсінбеді.

Сырттағы алай-дүлей басылар-ау,

Боранды қайтсем екен ішімдегі?.. [8, 92].

Лирикалық шығарманың ерекшелігі – ақынның ішкі күйін, сол сәттегі сезімін дәл бере білуінде. Бұл турасында ғалым Ахмет Байтұрсынұлы мынадай тұжырым жасайды: «Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды. Екінші ішкергі ғаламында болған халдарды, нәрселерді тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халын түіндіру мақсатпен толғайды. Толғау, қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі, ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың да халін танып, күйіне салып, толғай алуда» [9, 104]. Олай болса, жоғарыдағы өлеңде ақынның ішкі алай-дүлей сезімін «бет қаратпай соққан» боранмен астастыра беруі де бекер емес. Ақын өзінің күйінішін айтып отыр әрі қаланың өзіне тән ерекшелігін, яғни ақ боранын суреттеп тұр. Боранды Астананың көркем бейнесін даралап көрсететін сипаты десек, осы арқылы қаланың өзіне ғана тән болып келетін жеке келбеті асқақтап шыға келеді. Қанша урбанизацияланды десек те, ақындардың табиғат құбылыстарына аса мән бере отырып, әр қаланың өз көркем бейнесін жасап шығатынын аңғардық.

Кез келген қаланың бейнесін сол қаланың тұрғындары толықтырып тұрады. ХХ ғасырдың басында Сұлтанмахмұт Торайғыров «Айтыс (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны)» поэмасы арқылы дала мен қаланы қарама-қарсы қойып, кең байтақ далада өмір сүріп жатқан адамдардың пейілінің кеңдігін, даланың артықшылығын назарға алып, өз туындысына арқау еткен болатын. Бүгінгі қазақ поэзиясында осы үрдістің әлі де болса сақталғандығын, ақындардың қаланы жатсынып, қала тұрғындарына деген көзқарастарын өзгерте қоймағандығын байқадық. Мәселен ақын Дәулеткерей Кәпұлы қала тұрғынының болмысы мен өз болмысын салыстырады:

Сен қаланың тұрғынысың тұрақты,  
Мен даланың көкшуланы күнқақты.  
Сендегі арман – баю болды мұратты,  
Мендегі арман – жолжорғадай ырғақты.  
Сен қасыңа шүлдірлеген сұлуды ап,  
Отырасың шалқып, тасып барларда.  
Мен Сүгірдің «Шалқымасын» ыңылдап,  
Тартып кетем қаратаулық шалдарға [10, 66].

Яғни бұл жерде де қала мен даланы бір-біріне қарама-қарсы қою бар. Ол қарсылық сол жерді мекендейтін тұрғындар арқылы ашылады. Қала тұрғыны баюды мақсат ететін, барларда сауық-сайран қуып жүретін кейіпте суреттелсе, өзін қаланың тұрақты тұрғыны санамайтын ақын даланы аңсайды. Бұған қоса қалалық мәтін қазақ поэзиясына көптеген жаңа сөздерді алып келді. Жоғарыдағы Дәулеткерей Кәпұлының өлеңінде «бар» сөзі қолданылған.

**Нәтижелер.** Әдебиеттану ғылымында маңызды категориялар саналатын уақыт пен кеңістік адам өмірінде маңызды орын алады. Уақытты тоқтатуға адамның шамасы жетпесе де, кеңістікті, яғни өзіне жайлы, жанына жақын мекенді таңдауына мүмкіндік бар. Олай болса, қалалық кеңістіктің көркем шығармашылықта маңызды орын алуы бекер емес.

Ақын Ғалым Жайлыбайдың Алматы қаласы туралы жазылған өлеңдерінде қаланың өткені мен бүгінгі қатар суреттеледі. Ал Астананы жырға қосқан өлеңінде еліміздің мәдени-рухани топстарын басты назарға алады. Бұл ақынның дүниетанымынан және мәдени-тарихи жағдайды қабылдауынан хабар береді.

**Қорытынды.** Қазіргі қазақ поэзиясындағы Ғ. Жайлыбай, Д. Кәпұлы, А. Файзолланың Алматы, Астана қалалары туралы жазған өлеңдерін талдай отырып, ақындардың қаланы суреттеудегі келесідей ерекшеліктерін байқадық:

1. Ақындар қала туралы жазғанда бірінші кезекте осы қаламен байланысты жеке естеліктерін есіне түсіреді;
2. Ақындардың санасында қала белгілі бір тұлғалардың есімімен байланысты суреттеледі;
3. Ақындардың қаланы қабылдауы бір арнаға тоғыспайды: Ғ. Жайлыбай өзінің туған қаласы болмаса да, Алматы қаласын ерекше көріп, жанына жақын тартса, Д. Кәпұлы қалалық өмірді жатсынады, қаланы өзгеше бір әлем ретінде қабылдайды.

### Әдебиеттер

1. Лотман Ю.М. Символика Петербурга и проблемы семиотики города // Семиотика города и городской культуры. Петербург. Труды по знаковым системам 18. – Тарту, 1984. – 139 с.
2. Гурин С.П. Образ города в культуре: метафизические и мистические аспекты. URL: [http://www.comk.ru/HTML/gurin\\_doc.htm](http://www.comk.ru/HTML/gurin_doc.htm) (қаралды: 06.07.2023).
3. Стародубцева Л. В метафизических ландшафтах города // Философская и социологическая мысль. – 1993. – № 9-10. – С. 213-226.
4. Шмидт Н. В. Из истории городского текста: Город-миф в поэтической традиции Серебряного века. – Москва: Планета, 2008. – 202 с.
5. Аманғазықызы М., Оразбек М.С. «Қалалық мәтін» термині интерпретациясының ракурстары // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – №2, 2023. – Б. 70-77.
6. Жайлыбай Ғ. Ардакүрең. Өлеңдер. – Алматы: Қайнар, 2008. – 288 б.
7. Amangazykyzy M., Orazbek M., Toxambayeva A., Akmanova G., Talaspaeva Zh. Existential motives in city prose // Astra Salvensis. – 2021. – V. 2021. – P. 251-268.
8. Файзолла А. Ақ сезімге ескерткіш: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 128 б.
9. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы:

Атамұра, 2003. – 208 б.

10. Кәпұлы Д. Маралтамыр: өлең, толғаулар, поэма. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 160 б.

### М. АМАНГАЗЫКЫЗЫ

Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

### М.С. ОРАЗБЕК

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан

## ОБРАЗ ГОРОДА В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

**Аннотация.** В статье проанализирована современная казахская урбанистическая поэзия. Цель научного исследования – выявление специфики изображения города в художественном произведении, закрепление в казахском литературоведении понятий «алматинский текст», «астанинский текст», «алматинская ночь», «утро Астаны», «городская девушка», «уличные фонари» и др. путем анализа произведений, написанных на тему города в современной казахской литературе. Методологической базой исследования являются работы ученых Ю.М. Лотмана, В.Н. Топорова, С.П. Гурина, Вяч. Вс. Иванова, Н.В. Шмидта, В.Г. Ильина и др., которые анализировали городской текст. Систематизировано и представлено определение понятия «городской текст». В качестве объекта исследования были взяты стихи Г. Жайлыбая, Д. Капулы и А. Файзоллы, посвященные теме города. В ходе анализа стихов, написанных о городе, были выявлены особенности восприятия города поэтами. В процессе определения интертекстуальных элементов в художественных текстах (реминисценция, аллюзия) авторами была подтверждена гипотеза исследования, что «история любого города связана с именем конкретного человека, с историческими событиями». Также чувства поэтов по отношению к городу (отчуждение, одиночество, привыкание к городу и т.д.) были проиллюстрированы примерами из художественных произведений.

В ходе исследования были использованы методы структурно-семантического, интертекстуального, герменевтического и других видов анализа с целью выявления и описания особенностей «городского текста» в современной казахской поэзии.

Результаты, полученные на основе исследования, могут быть использованы в качестве дополнительного учебного материала при подготовке к лекциям и практическим занятиям по дисциплинам «Теория литературы», «Современная казахская литература», преподаваемым в вузах.

**Ключевые слова:** современная казахская поэзия, образ города, городской текст, поэтический дискурс, время и пространство.

**M. AMANGAZYKYZY**

A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan

**M.S. ORAZBEK**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

### **THE IMAGE OF THE CITY IN MODERN KAZAKH POETRY**

**Abstract.** The article analyzes poems about the city in modern Kazakh poetry. The purpose of the research is to identify the specifics of the image of the city in a work of art, to consolidate the concepts of «Almaty text», «Astana text», «Almaty night», «morning of Astana», «city girl», «street lights», etc. in Kazakh literary studies by analyzing the works written on the theme of the city in modern Kazakh literature. The methodological basis of the research is the work of scientists Y.M. Lotman, V.N. Toporov, S.P. Gurin, V.V. Ivanov, N.V. Schmidt, V.G. Ilyina et al., who analyzed the urban text. The definition of the concept of «urban text» is systematized and presented. The poems of G. Zhailybai, D. Kapuly and A. Fayzolla devoted to the theme of the city were taken as the object of research. During the analysis of poems written about the city, the peculiarities of the perception of the city by poets were revealed. In the process of identifying intertextual elements in literary texts (reminiscence, allusion), the authors confirmed the hypothesis of the study «The history of any city is connected with the name of a particular person, with historical events». Also, the poets' feelings towards the city (alienation, loneliness, getting used to the city, etc.) were illustrated by examples from works of art.

The methods of structural-semantic, intertextual, hermeneutic research were used in the course of the study in order to identify and describe the features of the «urban text» in modern Kazakh poetry.

The results obtained on the basis of the study can be used as additional educational material in preparation for lectures and practical classes in the disciplines of «Theory of Literature», «Modern Kazakh literature» taught at universities.

**Keywords:** modern Kazakh poetry, the image of the city, urban text, poetic discourse, time and space.

### **References**

1. Lotman Yu.M. Simvolika Peterburga i problemy semiotiki goroda // Semiotika goroda i gorodskoy kul'tury. Peterburg. Trudy po znakovym sistemam 18. – Tartu, 1984. – 139 s.
2. Gurin S.P. Obraz goroda v kul'ture: metafizicheskie i misticheskie aspekty. URL: [http://www.comk.ru/HTML/gurin\\_doc.htm](http://www.comk.ru/HTML/gurin_doc.htm) (qaraldy: 06.07.2023).
3. Starodubtseva L.V metafizicheskikh landshaftakh goroda // Filosofskaya i sotsiologicheskaya mys'l'. – 1993. – № 9-10. – S. 213-226.



4. Shmidt N.V. Iz istorii gorodskogo teksta: Gorod-mif v poeticheskoy traditsii Serebryanogo veka. – Moskva: Planeta, 2008. – 202 s.
5. Amanğazyqyzy M., Orazbek M.S. «Qalalyq мәтін» terminu interpretasiyasynyñ rakurstary // Ғ. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің habarşysy. Filologia seriasy. – №2, 2023. – B. 70-77.
6. Jailybai Ğ. Ardaküreñ. Öleñder. – Almaty: Qainar, 2008. – 288 b.
7. Amangazykyzy M., Orazbek M., Toxambayeva A., Akmanova G., Talaspaeva Zh. Existential motives in city prose // Astra Salvensis. – 2021. – V. 2021. – P. 251-268.
8. Faizolla A. Aq sezimge eskertkiş: öleñder. – Nūr-Sūltan: Foliant, 2021. – 128 b.
9. Baitürsynov A. Ädebiet tanytqyş. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.
10. Kärpüly D. Maraltamyr: öleñ, tolğaular, poema. – Nūr-Sūltan: Foliant, 2021. – 160 b.

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Аманғазықызы Мөлдiр** – философия докторы (PhD), А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

**Аманғазықызы Молдир** – доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Құсайынова, Астана, Казахстан.

**Amangazykyzy Moldir** – Doctor of Philosophy (PhD), Docent of A.K. Kussayinov Eurasian humanities institute, Astana, Kazakhstan.

**Оразбек Мақтагүл Социалқызы** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Оразбек Мактагуль Социаловна** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Orazbek Maktagul Socialovna** – Doctor of Philological Sciences, Professor of Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.